

# ТАҚЫРЫБ Ы:

«Отбасы тәрбиенің ұясы»



## **Мақсаты**

**Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;  
Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым- қатынасты қалыптастыру;**

# Жоспар

**1. Тренинг: шаттық шеңбері**

**2. Кіріспе сөз:**

**«Ата-ананың басты қуанышы  
бала»**

**3. Ата-аналармен ойын өткізу.**

**4. Қорытынды.**



# *Шаттық шеңбер*

*Мақсаты:*

*Әр ата-ана өз есімі қандай әріптен  
басталса соған байланысты  
бойындағы жағымды  
қасиетті айту және жанында тұрған  
ата-аналарға балдарына жақсылық  
тілектер білдіру.*

*Т о п қ а б ө л у*

## **Ата- ананың басты қуанышы- бала.**

- **Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді.**

**Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ.**

**Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді.**

**«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Сөйтіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді.**

# *Ойын*

## *“Балаңызға деген сүйіспеншілік”*

**Баланың жан дүниесі – Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда стикер бар. Сол стикердің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар.**



*Дидактикалық ойын*  
*«Отбасылық махаббат үйі»*

**1. «Достық» кірпіші**  
**«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?**

**2.«Татулық» кірпіші**  
**Өздеріңіздің балаға деген**  
**махаббатыңызды қалай жеткізесіз?**

**3.«Парасат» кірпіші**  
**Мектеп сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың**  
**мінезін қалай сипаттайсыз?**



# Қ о р ы т ы н д ы

Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала –бақыт.  
Сондықтан ата- ана махаббаты балаңыздың өмірге деген  
күштарлығын, жолын ашады.

Халқымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Бала  
әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек  
жылуын қажет етіп, ата -ананы өмірдің тірегі санайды.  
Ата - ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының  
ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы  
оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде  
болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың  
тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.  
Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!